КВАДРОБИНГ
ҚОРҚЫНЫШТЫ ҚҰБЫЛЫС ПА?

Соңғы кездері әлеуметтік желілерде жаңа бір тренд пайда болды. Көрінгенге еліктегіш келетін жасөспірімдердің бұл жолғы ермегі – әр түрлі аңдардың кейпіне ену, соның іс-әрекетін қайталау. Бір сөзбен айтқанда, жастар арасында квадробинг субмәдениеті енуде. Әлем елдері арасында кең таралған құбылыс елімізге де жетіп отыр.

4-БЕТТЕ

Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

5 қараша сейсенбі
№88 (2098)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

СҰХБАТ

Қазақ күресі – ата-бабаларымыздың асыл мұрасы. Қазақ күресі – тек дене күшін ғана емес, рух пен қайсарлықты талап ететін ұлттық спорт түрі. Төл спорттың тарихы тереңде жатыр. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық спортымызды әлемге танытып, насихаттап, дамытып жүрген азаматтар баршылық. Ұлттық спорттан ел мерейін асқақтатып жүрген белді балуан, бапкер Ерсұлтан Мақсұтов талай дүбірлі додаларда топ жарып қана қоймай, шәкірттері де биіктерден көрініп жүр. Жақында қазақ күресінен балалар бапкері Ерсұлтан Мақсұтовпен қазақ күресі туралы әңгімелесудің сәті түскен еді.

Ерсұлтан МАҚСҰТОВ,
қазақ күресі бапкері:

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ ОЛИМПИАДА ОЙЫНЫНА ЕНСЕ ДЕЙМІН

– Қазақ күресімен қанша уақыттан бері айналысып келесіз?

– Бала кезімнен спортпен айналысып келемін. Көптеген республикалық және халықаралық жарысқа қатысып, жүлделі орындарды иеленгенмін. Қазақ күресі – қазақтың көне де асыл спорт түрі. Мен осы спорт түрімен белсенді айналысып, өз білімім мен тәжірибемді жас спортшыларға үйретіп келе жатқаныма 7-8 жылдай болып қалды. Күнде жаттығу залына кірген кезде өзім шынығып қана қоймай, өз тәжірибем мен білімімді балаларға үйретемін. Олардың спорттық әдіс-тәсілдерді меңгергеніне қуанамын. Қазақ күресі дене күшін ғана емес, намысты шыңдай түседі. Шәкірттерім жетістікке жетуде. Олардың көзінен жеңіске деген құштарлықты көремін. Менің мақсатым – өз мәдениеті мен дәстүрін мақтан ететін чемпиондардың жаңа буынын өсіру. Қазақ күресі арқылы біз өз мұрамызды сақтап, келешек ұрпаққа жеткізе аламыз деп ойлаймын. Шәкірттердің жетістікке жеткенін көру – жаттықтырушы үшін ең үлкен марапат.

– Ұлттық спорт әлемге қаншалықты танымал?

– Қазіргі таңда ұлттық спортымызды халықаралық аренада таныту маңызды. Қазір қазақ күресінен халықаралық, әлем чемпионаттары өтіп жүр. Қызығушылық күн өткен сайын артып келеді. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ күресі бойынша алғашқы жарыс 1938 жылы өткен екен. Сол сәттен бастап осындай жарыс дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Бозкілемге бірінен кейін бірі кіл мықтылар шақырылып, үздік балуан анықталатын. Бүгінде қазақ күресінің ережесі аса өзгерген жоқ. Қазақ күресі халықаралық аренада үлкен танымалдылыққа ие болып келеді. Бұл спорт түрі өзінің ерекше техникасымен, бай тарихымен шетелдік спортсүйер қауымның назарын аударып отыр. Соңғы жылдары көптеген елде қазақ күресі бойынша халықаралық жарыстар өтіп, қазақстандық балуандар өз шеберлігін әлемге паш етуде. Мысалы, «Көшпенділер ойыны» аясында қазақ күресінен сегіз салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен қазақстандық балуандар қазақ күресінің жоғары деңгейде екенін көрсетті. Қазақ күресінің дамуы, халықаралық деңгейде танылуы тек қазақстандық спортшылардың ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениет пен дәстүрді насихаттауға ықпал етпек.

2-БЕТТЕ

800 ГРАНТТЫҢ 40-Ы ҒАНА ИГЕРІЛГЕН
мектеп бітірген 186 мың түлек қайда?

Елімізде жол салу қарқынды дамып келе жатыр. Әйткенмен таяқ лақтырсаң мигрантқа тиеді. Мекеме атауы қазақ болғанымен, асфальт төсеудегі жауапты жұмыстарды сол шетелдіктер атқарып келеді. «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қытайлық компания салып жатқанымен, жұмысшыларының көбі – өзбектер. Бұл қалай болғаны?!

«Апталықтың» коллажы

Республика бойынша жолшы мамандығына бөлінген 800 гранттың 40-ы ғана игеріліпті. Көлік министрлігі автомобиль жолдары комитетінің басқарма басшысы Нұртілек Хасенов жолшы мамандары қат екенін айтып, дабыл қақты. Өйткені қазір жол салуда сырттан келген мамандар мердігерлердің қалтасын қағып, алды 1,5-2 млн теңге шамасында жалақы алып жүр.

– Қазірдің өзінде маман тапшылығы сезіледі. Республика бойынша 6 оқу орнында маман дайындайды. Бірақ олардың өзі бірнеше жылдан бері жабылып, қайта ашылды. Сұраныска сай екені ескеріліп, осы салаға 800 грант бөлінген. Өкініштісі сол, оның 40-ы ғана игерілді. Төрт жылдан кейін 40 жас оқу бітіреді. Еліміздегі жол құрылысымен айналысатын жүздеген компанияға ол түк болмайды. Сондықтан бұл мәселені осы кезден қолға алмаса болмайды, – деді Нұртілек Хасенов.

Айтпақшы, бұл салада жалақы да жоғары. Мардымсыз ақы алады десек, келмеуінің себебі болар еді. Десек те, мәселе басқада тәрізді.

– Жолшылардың ең төменгі жалақысы – 600-700 мың теңге. Қара күзде тоқтаған жұмыс көктемге дейін басталмайды. Жұмыстың көбі маусымдық. Әйткенмен жоғары жалақы олардың бос отыратын 4 айының орнын толтырады. Мәселе мұнда емес. Бірнеше ай айдалада, үйден жырақ жүреді. Олардың келгісі келмеуінің басты себебі жұмыстың қиындығында болуы мүмкін, – дейді басқарма басшысы.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.
Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

УӘДЕ

Қалада күннен-күнге халық саны да өсуде. Тұрғындар саны өскен сайын тіршілікте өзекті мәселелер де көбейетіні белгілі. Ел аманатын арқалаған халық қалаулылары осындайда елмен етене араласып, халықтың мұң-мұқтажын құзырлы орындарға жеткізіп, ел мен биліктің арасына алтын көпір орнатып, мәселенің оңтайлы шешілуіне ықпал етеді. Олар – қоғамның қозғаушы күші. Орайы келгенде Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты Талғат Мақашовпен сұхбаттастық.

Талғат МАҚАШОВ,
Қызылорда қалалық мәслихат депутаты:

БІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ –
халықтың тұрмыс сапасын арттыру

3-БЕТТЕ

БІР ӘКЕНІҢ ТӘРБИЕСІН ЖҮЗ МЕКТЕП БЕРЕ АЛМАЙДЫ

3-БЕТТЕ

800 ГРАНТТЫҢ 40-Ы ҒАНА ИГЕРІЛГЕН

мектеп бітірген 186 мың түлек қайда?

Қазір бұл тек министрліктің ғана емес, жол саласына қатысты барлық уәкілетті органдардың басты мәселесіне айналған. Өйткені жеке компаниядағы жұмысшылардың жалақысына дейін министрлік табанына тас қойып реттеп отыр.

– Жоғары жалақыны мұнайшы алады десек, қазір жолшылар мұнайшылармен бірдей жалақы алады. Қазіргі дерекке жүгінсек, инженерлердің орта жасы – 35-тен жоғары. Ал жол салудағы арнайы техникаларды жүргізетін механизаторлардың орта жасы 45-тен асып кетті. Бүгінде жастар жеткізіп беру қызметі тәрізді жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүретін бағыттарда еңбек етуде. Олардың бәрін дрон ауыстырғанда олар жағаға шығып қалады. Сондықтан қазірден бастап осыны ойлау керек. Болашақта жұмыссыз қалмайтын, отбасын асырай алатын салаға бару керек. Қай салада маман тапшы, сол жерге барғанда мүмкіндік жоғары екенін бәрі біледі ғой, – дейді «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК бас директоры Болатбек Айтбаев.

Десе де жастардың барлығын жаппай кінәлауға болмас. Әрбірінің басында сан түрлі мәселе бар. Қала іргесіндегі ауылдардың бірінен облыс орталығына оқуға келген Бейбарыс Ишанқұл да қай салада маман тапшы екенін зерттеді. Бірақ отбасының қамы мен ауылдық жердің табиғатына сай өзі мұғалім болуды қалады.

– Тауы жоқ жерде альпинист мамандығын алғанмен тең ғой. Үйдің кенже ұлымын, қарашаңырақта қалуым керек. Ал ауылда мұғалім мен дәрігерден басқаға жұмыс қалмады. Біз жеңіл жұмыс іздемейміз, тек қол қусырып бос қалмайтын сала керек. Ауылда мұғалімдікке жұмысқа тұрармын-тұрмаспын, бірақ шаңырақтың түтінін түтетіп, әулеттің жалғасы болуым керек қой. Елдегі табыс көзі – жан-жаққа мал азықтық дақылдарын жеткізу, жылқы бордақылау. Адам барда азық-түлік мәселесі тысқары қалмайды. Сондықтан еңбек демалысында осы іспен айналыссам, басқа күндері шәкірт тәрбиелеймін. Әкем мен анам мені осылай тәрбиелеген. Бір сәтті де бос жіберуге болмайды, – дейді ол.

Басы 1-бетте

Жергілікті «Қыран» компаниясы маман жоқ деп қарап отырған жоқ. Жұмыс жүруі үшін білікті маман керек. Ал сырттан маман іздеу – ынталы жастардың несібесін біреуге берумен тең. Компания басшысы Жайсаң Сыздықов министрлік не істейді деп қарап отырмай, өзі де қам жасап жүр екен.

– Ынта-ықыласы бар еңбекқор балаларды өзіміз оқытып, тәрбиелеп жатырмыз. Қазір бұл бастаманың жемісі көп. Маман тапшы екені рас, министрлікке рахмет араласып, шешіп жатыр. Алдағы уақытта да біз бұл мәселені жауып тастамаймыз. Өзімізде қат болады деген мамандықтарды сараптап, осылай реттейміз. Жұмыс істелу үшін мәселелерді жан-жақты шешуіміз керек, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

«Аманқұрылыс» компаниясының учаске басшысы Ақылбай Қожаназар мамандардың тек жол саласында ғана емес, құрылыста да тапшы екенін айтады. Өзі жетпістің желкенін керген зейнеткер егер мықты маман келсе, орнын қазір-ақ босатуға дайын екенін жеткізді.

– Өзім – зейнеткермін. Жұмыс істейтін мықты жастар болса, мен бүгін-ақ кетуге дайынмын. Қаншама жас маман келіп жатады. Ең ұзақ дегенде бір жыл жүреді, ары қарай таппай қаласың. Саланың қыр-сырына үйретіп, шәкірт тәрбиелегің келеді. Бірақ жасымыз жер ортаға келгенде нысан басында әлі жүрміз. Бізге өз мамандығын сүйген құрылысшылар керек. «Жеті рет өлшеп, бір рет кесетін», өзіне сенімді, алдына мақсат қойған, табанды жастар тапшы. Сондықтан мен осы құрылыс мамандықтары бойынша білім алып, болашақта осы мамандық арқылы нан табамын дейтін жастарға айтарым көп. Мамандықтарыңды жақсы көріңдер, осы саланы таңдаған екенсің, барлық қиындығына шыдас беріп, соңына дейін бару керек. Сол кезде жетістікке жетесің. Мен 1974 жылдан бері құрылысшымын. Жаман болмадым. Өзің шын қалап, еңбектеніп, жан-тәніңмен беріле жұмыс істесең, нағыз абыройлы мамандық – осы, – дейді ол.

Құрылыс саласында тамырын тереңге тартқан кәсіпкер Қожахмет Баймаханов біз-бен сұхбатында осы салаға кеңірек тоқталған болатын.

– Жастардың бойында шыдам мен төзім жоқ. Олар жұмыс істеймін деп келеді де, шыдамай кетіп қалып жатады. Ешкім жанын қинағысы келмейді. Міне, кейінгі ұрпаққа қарап қатты ойланамын. Құрылыстан хабары жоқ адамдар келіп жатыр, нағыз құрылысшылар келгісі жоқ. Бұлай болмайды, – деген еді ол.

Өткен оқу жылында елімізде 186 мың жас мектеп бітірді. Қазір бұл мәселе тек құрылыс, жол саласында ғана емес. Барлық салада кездеседі. Бірақ сонша түлек қайда кетіп жатыр?

– Қайда кетіп жатыр деп ойлайсыз? Әрине, такси қызметінде, жеңіл-желпі, бас ауырмайтын оңай жұмыстың айналасында жүр. Неліктен олай істейді? Өйткені олардың дипломы бар да, білімі жоқ. Теория бар, тәжірибе жоқ десек, жарасады. Мен осыдан біраз уақыт бұрын мектеп оқушысы мен мұғалімін емес, мұғалімді оқытатын оқытушылардың біліктілігін көтеріп, білім беру керек деп айтатынмын. Әлі де сол пікірдемін. Мамандар жоқ емес, бар. Бірақ неге алмайды? Дипломы бар токарь бар, бірақ станоктың не екенін білмейді. Біз мәселені түбірімен шешуіміз керек. Бірнеше жыл бұрын кәсіптік білім беруге облыс бойынша 11 млрд теңге бөлінетін. Қазір қанша екенін білмедім. Бірақ сол кәсіптік білім беру бизнеске айналған, стипендия үшін оқиды, бала көп болса, оқытушылардың да айлығы көтеріледі. Ал егер олай болмаса, жылына қанша мың дәнекерлеуші оқу бітіреді, ал «Квант» мекемесінің мықты дәнекерлеуші таппай жүргеніне бірнеше ай болды. Парадокс қой, – дейді қоғам белсендісі Болат Нұрқожаев.

Бұл жерде ата-ана ойлану керек тәрізді. Өйткені баланы тек үйдің ғана емес, елдің ертеңі етіп тәрбиелейтін дағды болу керек. Адам өзінің өмірінің босқа кетпегенін кейінге қарап, білген абзал. «Менің кімге пайдам тиді?» деген сауалды әрбір адам өзіне қою керек тәрізді. «Өмірдегі ең үлкен бақыт – қоғамға, өзгеге қажет екеніңді сезіну» депті бір пақыр. Расымен, керек болайық!

Дәулет ҚЫРДАН
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Ерсұлтан МАҚСҰТОВ, қазақ күресі бапкері:

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ ОЛИМПИАДА ОЙЫНЫНА ЕНСЕ ДЕЙМІН

– Қазақ күресі үйірмесіне қатысу үшін қандай талап қойылады?

– Ең алдымен төзім мен шыдамдылық қажет. Рухани күш пен төзімділік қазақ күресіне тән қасиеттердің бірі. Спортшыға физикалық күш және төзімділік қажет, өйткені қазақ күресі жоғары деңгейдегі физикалық дайындықты талап етеді. Бұл күрес түрі ұзақ уақыт жаттығуды және шыдамдылықты қажет етеді. Спортшы қиындықтарға төтеп беру үшін мықты болуы керек. Екіншіден, тәжірибе және техникалық шеберлік керек. Күрес ережелері мен техникаларын жіті меңгеру өте маңызды. Спортшы түрлі тәсілдерді тиімді пайдалана білуі керек. Мотивация және ұмтылыс керек. Спортшының күреске деген ынтасы жоғары болуы тиіс. Жетістікке жету үшін талмай еңбектену қажет.

– Шәкірттеріңіздің жетістіктерін айтсаңыз...

– Жақында республикалық чемпионаттың қола жүлдегерлері атанды. Республикалық турнирлерде жеңіске жетіп, ел намысын қорғап келеді. Исламбек Балмолдев, Жақсыбай Әли және Тайлақ Беккали – біздің үйірменің ең мықты спортшылары. Олардың әрқайсысы өздерінің табандылығымен және қажырлы еңбегімен ерекшеленеді. Балалардың жетістіктері басқа да шәкірттерімді үлкен жеңістерге жетелейді. Олардың күш-жігері мен ынтасы өзгелерге үлгі. Спортта осындай биік белестерге жету – үлкен еңбек пен талпыныстың нәтижесі.

– Жас спортшыларға қандай кеңес берер едіңіз?

– Жас спортшыларға қазақ күресімен айналысуға кеңес беремін. Бұл спорт түрі адамды тек физикалық жағынан ғана емес, рухани тұрғыдан да дамытады. Күрес арқылы адам өзінің күш-қуатын арттырып, өзіне деген сенімділікті нығайта алады.

– Қазақ күресінің болашағы туралы не ойлайсыз?

– Қазақ күресінің болашағы жарқын. Әлем және Азия чемпионаттары дәстүрлі түрде өткізіліп келеді, бұл спорт түрінің халықаралық деңгейде танымалдылығы артуда. Ендігі мақсат – қазақ күресін Олимпиада ойындарына енгізу. Бұл қадам қазақ күресінің беделін арттырып, әлемдік спорт аренасында өз орнын нығайтуға мүмкіндік береді. Отандық спортшыларымыздың жетістіктері мен табысы бұл спорттың болашағына сенім ұялатады. Алдағы уақытта қазақ күресі жаңа белестерді

бағындырып, әлемдік деңгейде танымал спорт түрі болуына еш күмән жоқ. Қазақ күресімен шұғылданатын жастарымыздың саны артып, ел намысын қорғауда зор жетістіктерге жетеді деп сенемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ БІЛІМ ОРДАСЫ

Ұлттың рухани байлығы – білімде, ұстанар бағыты – тәрбиеде, ал білім мен тәрбиенің сарқылмас бұлағы – мектеп. Осындай жауапты саланың жүгін арқалап, талай өренді қияға қанат қақтырған білім ордасының бірі – Сәкен Сейфуллин атындағы № 4 IT мектеп – лицейінің құрылғанына биыл 60 жыл.

Өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып, тәрбиетағылым беруде алдыңғы орындағы білім ордасы өзінің 60 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті. Салтанатты шараға мектептің ардагер ұстаздары мен түлектері қатысты.

Мерекелік басқосу ардагер ұстаз Бақыт Ерескенқызының «Алтын ұя мектебіме – 60 жыл» атты кітаптың тұсаукесерінен басталды. Сондай-ақ тағылымы мол тарихи мектептің түлегі, бүгінде елге белгілі белгілі кәсіпкер Сапар Рахменшеев білім ордасының 60 жылдық мерейтойымен құттықтап, оқушы кездегі естелігімен бөлісті.

– Ең алғаш 1981 жылы мектеп табалдырығын аттадым. Ол кезде сынып жетекшіміз Саракүл апайымыз еді. Бір сыныпта 43 бала оқыдық. Қазір бәрі де еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет істеп жүр. Оның ішінде медицина, ғылым саласында және құқық қорғау органында жұмыс істеп жүргендер де бар, – дейді Сапар Рахменшеев.

Елге танымал әнші Мәдина Садуақасова да осы мектептің түлегі екен.

– Осы мектепте білім алдым. Ол кезде мектеп директоры Наталья Бақтиярқызы болды. Бүгін алғаш музыка пәнінен берген Марал Бисенғалиқызын көрдім. Бұл жер мен үшін ерекше ыстық. Өйткені мені тұлға ретінде қалыптастырды. Алғашқы сахнам да осы мектептен басталды. Ал 1992 жылы мектеп атынан конкурсқа қатыстым, – дейді Мәдина Сәдуақасова.

Мұнан соң мектептің 60 жылдық тарихынан сыр шертетін мұражайдың ашылу рәсімі өтті.

Айта кетейік, Сәкен Сейфуллин атындағы №4 орта мектеп 1964 жылдың қыркүйек айында пайдалануға берілген. 630 оқушыға арналған мектептің алғашқы директоры – Қасымбек Ыбыраев. Сол кезде мұғалімдер №171 Ғ.Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебі мен №3 Ворошилов атындағы мектептерден жаңа мектепке ауысып, алғашқы педагогикалық ұжым жасақталып, барлық педагогикалық жаңашыл тың идеялар мен бастамалар жүзеге асты. Осылайша Қасымбек Ыбыраев басқарған жылдары №4 мектеп республика көлеміндегі белгілі білім ордасына айналды.

Мектеп 2000 жылға дейін орыс-қазақ аралас мектебі болса, 2000-2001 оқу жылынан бастап білім ордасы қазақ мектебі болып бекітілді.

60 жыл ішінде білім ордасы талай дарынды жастарды тәрбиеледі. Олардың жетістіктері – мектептің беделі, ұстаздарының абыройы. Мұғалімдердің еңбектері еленіп, үздік ұстаздар облыс және қала әкімінің грантын иеленіп келеді.

2019 жылдан бастап С.Сейфуллин атындағы орта мектеп «Ақпараттық технология мектеп-лицейі» статусына ие болды.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

Н.МҰҚАТАЕВА

Талғат МАҚАШОВ,
Қызылорда қалалық мәслихат депутаты:

БІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ – халықтың тұрмыс сапасын арттыру

– Мәслихат мінберінен талай өзекті мәселені құзырлы орынға жеткізіп жүргеніңіз белгілі. Өзіңіз депутат болып сайланған аумақта әлі де күрделі мәселе бар болар?

– Халық қалаулысы атанып, ел мен билік арасында алтын көпір болу үлкен жауапкершілікті жүктейді. Өздеріңізге белгілі қаламызда ауқымды жобалар қолға алынып, сәтті жүзеге асуда. Жыл басында қала бюджеті 58,2 млрд теңгемен бекітілген еді. Президенттің, Үкіметтің қолдауының арқасында және облыс әкімінің үйлестіруімен бүгінде бюджет көлемі 107,9 млрд теңгеге жетіп, 49,7 млрд теңгеге (84,6%) артты. Жалпы алғанда барлық даму көрсеткіші оң динамикамен қалыптасты.

Жыл аяғына дейін жоғарғы көрсеткішке қол жеткізу үшін қарқынды жұмыс жүргізілуде. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 8 айда 167,3 млрд теңгені құрап, 18,4 пайызға, құрылыс көлемі 57,7 млрд теңгені құрап, 45,0 пайызға, ауыл шаруашылығы көлемі 4,0 млрд теңгені құрап, 3,2 пайыз болды.

Сайлау округім бойынша Белкөл кенті, Бірқазан елді мекені, Қосшыңырау, Қарауылтөбе ауылдық округі және Жаппасбай батыр көшесі аумағы бойынша біршама өзекті мәселе көтеріп, шешімін табуға атсалыстым.

Биыл Белкөл кентіне 1 көшеге, Қарауылтөбе ауылдық округіне кіре беріс жаңа қоныс аумағындағы 7 көшеге жол салынды.

Электр энергиямен қамту бағытындағы 9 жобаға Белкөл кентіндегі Жерұйық, Сарыарқа, Бірлік көшелері, Қосшыңырау ауылдық округіндегі жаңа қоныстанушы аумақ енгізілді. Қарауылтөбе ауылдық округіндегі А.Құнанбаев көшесінің бас жағына жарық бағаны орнатылды. Сондай-ақ жарық бағанын күтіп ұстауға қалалық бюджеттен 21,1 млн теңге бөлінді. Бірқазан елді мекенін «көгілдір отынмен» қамту негізгі жоспарға енгізілуде.

Әрине, кейбір аймақтарда әлі де шешілмеген мәселе бар. Ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында атқарылуы тиіс міндеттер мен жоспарлар бар. Мәселелерді шешу үшін жергілікті билікпен тығыз жұмыс істеп, кезең-кезеңімен қажетті қаржыландыруды тартуға тырысып жатырмыз.

– Халықтың базынасын билікке жеткізіп, оң нәтижеге қол жеткізіп, ел қуанған сәттер есіңізде ме?

– Иә, халықтың базынасын билікке жеткізіп, оң нәтижеге қол жеткізген, тұрғындардың қуанышына куә болған сәттер бар. Мысалы, өткен жылы Қарауылтөбе ауылдық округіндегі 150 орындық клуб пайдалануға берілсе, қосшыңыраулықтар «көгілдір отынның» игілігін көруде. Досан ауылындағы медициналық бекеттің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Бас ауырып, балтыр сыздаса, алысқа бармай-ақ, жергілікті мамандарға жүгіне алатын спорт болды. Одан бөлек, ауылға спорт алаңы салынды. Шағын ауыл үшін бұл ерекше қуаныш. Сонымен қатар Абай ауылындағы саябақ абаттандырылып, көпшілік демалатын орынға айналды. Балалар ойын алаңдарына жөндеу жүргізілді. Бұның барлығы ауыл халқы тарапынан көтерілген мәселелер еді. Біздің басты міндетіміз – халықтың тұрмыс сапасын арттыру. Сондықтан әр тұрғынның пікірі біз үшін өте маңызды.

– Өзіңіз басқаратын облыстық филармонияда соңғы уақытта бірқатар жұмыс жүзеге асуда. Астана мен Алматы қаласына гастролдік сапарға барып, елдің ықыласына бөленді. Өнер кешіне куә болғандардың пікірі қандай?

– Аймақ басшысының қолдауымен мәдениет саласында көптеген жағымды жаңалық болып жатыр. Облыстық филармонияда да ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс істелуде. Қаламыздың сәулетіне сән берген 1000 орындық Өнер орталығы пайдалануға берілді. 2021 жылы Е.Әуелбеков көшесінде салынған қосымша ғимарат облыстық филармония филиалы негізінде Жыраулар үйі болып ашылды.

Аймақ басшысының өнерге деген қолдауы бұл жобалармен шектелген жоқ. Өткен жылы бірқатар мамандар Италия, Белоруссия елінде біліктілігін арттырды. Бұл жоба биыл да жалғасын тауып, классикалық орындаушыларымыз Италия мемлекетінде шеберлік дәрістеріне қатысып, халықаралық дәрежедегі сертификатқа ие болды.

Мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан өнер және әдебиет өкілдеріне арналған «Тұран» сыйлығы филармония әртістеріне де табысталды. Өнер әлемінде өзіндік орнын қалыптастырған Сыр бойының өнер жанашыры, дирижер К.Ботабаев «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды.

Материалдық-техникалық базаны

жақсартуға жергілікті бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, өнер орталығының сахнасы заманауи техникалардың озық үлгілерімен жабдықталды, өнер ұжымдары мен жеке орындаушыларға концерттік костюмдер тіккізіп, музыкалық аспаптар алдық.

Астана, Алматы қаласындағы Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері туралы айтатын болсам, өнердің түрлі жанрын қамтыған ерекше концертті көрермендер үлкен құрметпен қабыл алды.

Концертті қазақ әдебиетінің классиктері, Қазақстанның Еңбек ерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары тамашалап, өнерпаздардың шеберлігі мен шығармашылықтарына жоғары бағасын берді. Ұлттық дәстүрін, қазақылығын жоймаған өңірдің «Сыр елі – жыр елі» деп текке айтылмағандығын айтып, оң пікірлерін білдірді. Сондай-ақ сыртта жүрген қызылордалықтардың туған жерге деген сағынышын, ыстық ықыласын сезіндік.

– Облыстық филармония басшысы қызметіне келген уақыттан бастап қандай жұмыстар жүзеге асты?

– Қызылорда облыстық филармониясының басшысы қызметіне кіріскеннен бастап, жаңа идеяларды іске асыру, филармония жұмысын жаңғырту, жаңарту, өнер иелеріне қолайлы жағдай жасауға тырыстық және ол бүгінде жүзеге асты деп сеніммен айта аламын.

Атап айтқанда, 2014 жылы Сыр елі мәдениеті тарихында тұңғыш рет камералық оркестр құрылды. Көрермендердің контингентін көбейту, оқушылардың мәдени шараларға қолжетімділігін арттыру мақсатында 2016 жылы «Әдемі» балалар музыкалық театр-студиясы ашылды. 2020 жылы тұтас түркі дүниесіне ортақ Қорқыт ата мұралары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізіліп, облыс әкімінің Қорқыт ата мұраларын насихаттауға арналған 5 жылдық кешенді іс-шаралар жоспары аясында «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылды. Бұл жоба – Сыр елінің, Қорқыт елінің үлкен жетістігі. Камералық оркестрге қосымша 30 штаттық бірлік қосып, симфония оркестрін ашу туралы ұсыныс оң шешімін тауып, 2023 жылы облыс әкімінің қолдауымен симфония оркестрі болып қайта құрылды. Өңірде заманауи, эстрадалық би ансамблін құру туралы ұсыныс қолдау тауып, 2024 жылдың тамыз айында «AI-ARU» заманауи би ансамблі құрылды. Бүгінде ансамбльге 20 биші қабылданып, жұмыс істеуде. Онымен қоса, жыл сайын жеке орындаушылар мен жыршылардың қатарын талантты жастар толықтыруда.

Гастрольдік сапардың көкжиегі кеңейді. Филармонияның өнер ұжымы мен жеке орындаушылары Лондон, Босния-Герцеговина, Сербия, Венгрия мемлекеттері мен АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон, Біріккен Араб Әмірлігінің Абу-Даби қаласында, Түркия, Өзбекстан, Азербайжан, Ресей, Татарстан, Түркіменстан елдерінде қазақ өнерін, оның ішінде Сыр елі өнерінің шоқтығын биіктетті. Сонымен қатар өзге облыстармен шығармашылық, әріптестік меморандумдарға қол қойылып, республика аймағындағы көптеген қалада филармонияның концерттері жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Тағы бір ел аузында әлі күнге айтылып жүрген тағылымды шара, ол – ұлы ақын А.Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай Сыр елінде алғаш рет сахналанған А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы. Өкінішке қарай, әлемде коронавирус инфекциясының таралуына байланысты елде енгізілген карантин талабына орай тұрғындар операның көрсетілімін «Qyzylorda» телеарнасы мен Youtube әлеуметтік желісіндегі «Сыр шаңырағы» каналы арқылы ғана тамашалай алды.

Жеке орындаушылар мен өнер ұжымының түрлі деңгейдегі конкурс-фестивальдерге қатысуына, шығармаларға музыкалық өңдеу жасауға, жаңадан партитура жаздыруға, белгілі кәсіби өнер майталмандарының шеберлік дәрісін өткізуге жағдай жасалды.

Айта берсем филармонияның ауыз толтырып айтарлықтай жеткен жетістіктері көп. Әрине, мұндай ауқымды жұмыстың басым көпшілігі аймақ басшысының, облыстық мәдениет басқармасы басшысының қолдауымен жүзеге асты.

Алдағы уақытқа филармония ұжымына үлкен жауапкершілік жүктелді. Ол жауапкершілікті бұдан да жоғары деңгейде атқарамыз деп сенемін.

– Қазіргі кезде жасөспірімдердің арасында бұзақылық, қылмыс көбеюде. Қоғамда дүрбелең тудырып жатқан мәселеге орай сіздің жеке пікіріңіз...

– Сұрағыңыз өте өзекті. Бүгінгі таңда жасөспірімдер арасындағы бұзақылық пен қылмыс деңгейі өсіп отырғаны

қоғамды алаңдататын жайт. Менің ойымша, бұл мәселенің себебі көп және оны шешу үшін кешенді шаралар қажет.

Ең алдымен, отбасындағы тәрбие мәселесіне назар аудару керек. Ата-ана мен баланың арасындағы сенімді қарым-қатынас, махаббат пен қамқорлық жасөспірімнің дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Өкінішке қарай, кейбір балалар осы қарым-қатынастың жоқтығынан өздеріне назар аударту үшін бұзақылыққа барады.

Бүгінде бесіктегі баладан бастап смартфонға тәуелді етіп қойғанбыз. Жасөспірімдер компьютерлік ойындарға әуес. Ондағы агрессиялық ойын теріс әрекетке итермелеуі мүмкін.

Сондай-ақ мектептегі тәрбие жұмысы мен психологиялық қолдаудың маңыздылығын атап өткім келеді. Кейде орын алған бұзақылық құқық қорғау органына хабарланбай, мектепішілік жиналыспен ғана шектелуін кездестіріп жатамыз. Керісінше, ұстаздар, құқық қорғау саласы, ата-аналардың бірлескен әрекеті ғана бұзақылық пен қылмыс деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Меніңше, жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше назар аударып, қолдау көрсетіп, дұрыс бағыт беруіміз керек. Аталған мәселені тек жазалау арқылы шешу мүмкін емес, сондықтан әр балаға көңіл бөліп, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруіміз қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

БІР ӘКЕНІҢ ТӘРБИЕСІН ЖҮЗ МЕКТЕП БЕРЕ АЛМАЙДЫ

«Жақсы әке балаға қырық жыл азық» деген қазақта керемет тәмсіл бар. Әкенің тәрбиесін алып, оның мектебінен тәлім алған ұрпақ қоғамда өз орнын тауып, отбасын құрған кезде де сол өнегені әрі қарай дамытып, өзінен өрбіген балаларына да саналы тәрбие береді. Әрине, қазір қоғамда әкелердің мәртебесі өте биік немесе өте төмен деп те айта алмаймыз. Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы республикалық аналар кеңесі төрайымының орынбасары Камал Әлпейісованың айтуынша, қазір Қазақстанда 900 мың толық емес отбасы, 72 мың жалғызбасты ана бар екен. Бұл сандар көп құпияның сырын ашқандай. Әрине, бес саусақ бірдей емес. Өз отбасына үлгілі тәрбие берудің орнына ішкілікке салынып, отбасына залалын тигізіп жүрген ерлер қаншама. Қазіргі жасөспірімдердің арасында қылмыстың көбеюі, өз-өзіне қол салу дерегінің жиілеп кетуі, жастардың ажырасуы көбіне осындай әке тәрбиесінің әлсіздігінен деуге негіз бар.

Керісінше шаңырағына қамқор болып, отбасының ыстық-суығын жұбайымен бірге көтеріп, перзенттеріне үлгілі тәрбие беріп, қоғамның дамуына белсенді үлес қосып жүрген азаматтардың көп екенін де жоққа шығара алмаймыз. Әрине, балаға ата-ана тарапынан тал бесіктен берілген тәрбиенің маңызы зор. Ұядан не көрсе ұшқанда соны ілетін перзент тәрбиелеу – адамзат баласының асыл арманы.

«Әкесіне тартып туған ұл ғой» деп,
Қадірлейді қай кезде де ел сені.
Есті бала әкесіне ілесер,
Қиындыққа қарсы тұрып күресер.
Анасына тартса қалай қыз бала,
Әкесіне тартып солай ұл өсер.
Әйел ерін сыйламаса не дейін,
Ер әйелін қорлап жатса не дейін.
Әйел-ана азаматын сыйласа,

Ұрпағының биіктетер мерейін, – деген өлең жолдарымен елді баурап алып, әрі қарай әңгімесін негізгі тақырыпқа бұрды.

– Әке ең бірінші отбасына ие болған дұрыс. «Еркегі жігерсіз елдің әйелі шідерсіз» болады. Қай кезде де ер-азаматтың орны ерекше. Мен шешемнен 13 жасымда жетім қалдым. Отбасында 12 жанбыз. Әкем қаттырақ сөйлесе, шешемді өлтірген сол сияқты көрінетін. Бірақ өмірден опық жемесін деп бізді қатал тәрбиелеген әкем ананың да, әкенің де орнын жоқтатпады. Өкінішке қарай, қазір жағдай басқаша. Ер азаматтарымыз «күйдім, сүйдім» деп біреудің алақанға салып отырған қызына үйленгенмен, оның жауапкершілігін мойнына алмайтыны өкінішті. Ал отбасына мейір-шапағатын төгіп, берекесін кіргізіп отырған азаматтарымыз да жетіп артылады. Ақпарат көздерінде осындай елге үлгі болып отырған өнегелі ер-азаматтарды

Қызылорда қаласындағы «Достық» үйінде өткен «Тәрбие – тал бесіктен» атты IX республикалық әкелер форумының маңызы зор. Іс-шараны ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, «Әкелер одағы» РҚБ қолдауымен ұйымдастырылған басқосуға зиялы қауым өкілдері, отбасы саясаты саласындағы сарапшылар, халықаралық ұйым өкілдері, республикалық Әкелер одағының өңірлік жетекшілері, республиканың барлық өңірінен 150-ден астам делегат қатысты. Форумның алғашқы күнінде қонақтар қаланың көрікті жерлерін аралап, жаңадан салынған әлеуметтік нысандармен танысты. Ал сессия жұмысының екінші күнінде «Ер адамның бейнесін қалыптастырудағы әкенің рөлі: жауапкершілік, батылдық, құрмет» тақырыптары талданып, «Отбасы академиясының» негізін қалаушы, отбасылық психолог Ержан Мырзабаевтың модераторлығымен спикерлер «KAZAQSTAN ARDAGERLERI» қауымдастығының төрағасы Бақытжан Смағұл, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі» РМКҚ директоры Біржан Хасанғалиев, Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы республикалық аналар кеңесі төрайымының орынбасары Камал Әлпейісова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымының докторы Баймырза Қожамбердиев қоғамдағы әкелер ролінің маңызына тоқталып, әкенің мәртебесін көтеру үшін алдымызға қандай мақсат қоюымыз керек деген сауалға өз пікірлерін білдіріп, мәселені кеңінен тарқатты.

Алдымен сөз алған модератор Ержан Мырзабаев өзінің балалық шағының қалай өткенін айтып берді.

– Менің ата-анам ерте ажырасып кетті, бірақ әкем бізден байланысын үзген жоқ. Өкінішке қарай, денсаулығы сыр беріп, өмірден озды. Сондықтан әке тәрбиесін толық ала алмадым. Бала кездегі бірге болған сәтіміз есімде, бірақ нағыз керек ететін жасөспірім шақта жанымда болған жоқ. Әке болуды кітаптардан, жолымда кездескен тұлғалардан үйрендім. Отбасы құрған соң бес жыл балалы бола алмадық. «Балам болса қалай тәрбие беремін, қалай сөйлесемін?» деп ойланатын едім. Уайымымды амалға айналдырып, ізденіп оқи бастаған соң өзіме сенімді бола бастадым. Ең бастысы, тәжірибе мен әрекет. Әрекет әдет қалыптастырады, әдет мінез қалыптастырады, ал мінезің – сенің тағдырың» деген сөзді өзіме ұстаным еттім, – дейді тәжірибелі психолог.

Шынында, бала тәрбиесі ағаттықты кешірмейді. Тәрбие жұмысындағы ең үлкен жетістік – баланың бақытты болуы. Перзентің өзіне сенімді, өмірге құштар болып өссе, балабақша немесе мектебіне қуанып барып, күліп қайтса, мұның бәрі үлкен жетістік.

Жиында спикер Бақытжан Смағұл өз сөзін өлеңмен бастады.

Қайсарлық пен парасаттың өлшемі,
Әке тұрса емендей боп еңселі.
Насихаттап отырса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. «Қара құйын» сияқты дүрбелең заманда өз тіліне, отбасына, дәстүр-салтына жаны ашып тұратын ұрпақ тәрбиелесек деймін, – деді ол.

Мұнан соң сөз алған қазақтың біртуар әнші-композиторы Ескендір Хасанғалиевтың ұлы Біржан Хасанғалиев болса өз әкесінен көрген тәлім-тәрбиесі жайлы сөз қозғады. Әрине, қазақтың патриоттық әндерімен бесігі тербелген перзенттің айтар ойы да салмақты екен.

– Даңқты әнші-композитор Ескендір Хасанғалиевтің ұлы болу маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Әкем менің мақтанышым, тірегім, қамқоршым, досым болды деп қаймықпай айта аламын. Себебі елін жанындай сүйіп, құрметтеп, әнге қосып әлдилеген әкемнен көп тәрбие алдым. Мен өмірге келген сәттен әкем шығармашылық жұмысымен қоса, менің тәліміме көп мән берді. Алматының қақ ортасында дүниеге келіп, айналам орысша сөйлеп жатқанда мені ана тілімде алғашқы сөзімді айтқызып, ата-баба тіліне баулыған, №12 қазақ орта мектебіне оқыткан әкеме ризашылығым шексіз. Әкем басқа ұлт өкілі жанында да тек ана тілінде сөйлейтін.

Бала тәрбиесіндегі негізгі маңызды нәрсе – ата-анаңның араласатын ортасы. Мен бұл жағынан бақыттымын. Себебі менің әкем мен анам зиялы кісілермен араласты, оларды қонаққа шақырды. Елге белгілі ірі тұлғалар Сырбай Мәуленов, Әбу Сәрсенбаев, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаевтармен дастарханда болып, керемет әңгімесін тыңдадым. Әкем қасына отырғызып «балам, осы кісілердің әңгімесін тыңда» дейтін. Бұл менің бүкіл өміріме рухани азық болды. Қазір қонақ шақырсақ, балаларды басқа бөлмеге жібереміз. Үлкендердің өнегелі әңгімесін балалар тыңдағаны да дұрыс деп ойлаймын. Бүгінде әкемнен алған ғибратымды, құндылықтарды балаларыма үйретіп келемін», – деп ой түйіндеді ол.

Жиында шығып сөйлеушілер тағылымды әңгімелерін айтып, өз саласын жетік меңгерген психолог мамандар «Отбасы және қауіпсіздік», «Саналы ата-ана», «Бұқаралық спорт – мықты денсаулықтың кепілі» тақырыбында өз тәжірибелерімен бөлісіп, ашық диалог алаңында күн тәртібіндегі мәселені жан-жақты талқылады.

Келелі жиын «Достық» үйінде пленарлық отырыспен қорытындыланды. Пленарлық отырысқа облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов қатысып, форум қонақтарына аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізіп, отбасы құндылығы мен киелі шаңырақ қасиетін жас ұрпақ санасына сіңіру, рухани-адамгершілік тәрбиені дәріптеу мақсатында Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Әкелер кеңесінің мәртебесін арттыру бағытындағы форум басқа өңірлерде де өткізіліп, республикаға насихатталмақ.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты қалалық «Ақмешіт апталығы» газетіне кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2024 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті.

Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы - 3498 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;
ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

***

aqmeshit-aptalygy.kz ақпараттық агенттігіне (сайт) кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2024 жылға баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 х 1180 px – 10000 теңге (1 апта);
400 х 800 px – 8000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 10 000 теңге
Stories – 5 000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 7000 теңге
Telegram: Post (мәтін) – 7 000 теңге
(мәтін +фото/видео) – 10 000 теңге

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады.

Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjarnama@mail.ru

КВАДРОБИНГ ҚОРҚЫНЫШТЫ ҚҰБЫЛЫС ПА?



Бұл туралы Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев мәселе көтерді. Ол өзінің инстаграм парақшасында құзырлы органдар мен ата-аналарға үндеу жасап, балалар мен жасөспірімдер арасында белең алып жатқан квадроберлер жайлы айтып, қоғам ауруы деген баға берді. «Қазірден бастап алдын алмасақ, ертеңгі күні ұрпақтың тамырына балта шабуымыз мүмкін. Сондықтан барынша сақ болайық» – деді ол.

Квадробинг алғаш Жапонияда пайда болған деседі. Тіпті оны бейресми спорт түріне жатқызады. Бұл спорттан жапондық Кеничи Ито 2008 жылы 18,58 секундта 100 метрді бағындырып әлем назарын аударған. Депутат дабыл қаққан квадробинг, яғни төрт аяқтап жүгіру осылайша танылған. Десек те бүгінгі балалардың қызығушылығын арттырған дүние төрт аяқтап жүгіру емес, олардың жануар кейпіне еніп, мақұлықтардың әрекетін қайталауы болып отыр.

Кез келген бала еліктеп өседі

Еліктеу барлық адамға әсіресе, ой-өрісі енді қалыптасып келе жатқан балаларға тән жағдай. Алайда баланың не нәрсеге еліктейтініне мән берген жөн. Бұл ретте психолог мамандар баламен әркез сөйлесіп, оның бос уақытта немен айналысатынына, неге қызығатынына бақылау жасау керегін айтады. Себебі мұндай әрекетті әдет қылудың түбінде маңызды мәселе болуы мүмкін.

Былай қарағанда жан-жануар, аңның кейпіне ену әу бастан бар дүние. Жаңа жыл кешінде балалардың жануар бейнесінде киінетініне көз үйренген. Ендеше оған осынша маңыз беріп, даурығудың қажеті қанша? Оның үстіне жасөспірімдердің біреудің қаңсығын таңсық көруі бірінші рет емес. Квадробер де уақытша құбылыстың бірі болар. Қалай десек те бұл мәселеде мамандардан артық баға бере алмаймыз.

– Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында осы бір әдеттің белең алуына көпшілік алаңдаулы. Әрине, жақсы әдет емес. Алайда бала еліктеу арқылы өседі. Айналасына, көрген нәрсесіне еліктемей өсетін бала болмайды. Бұл мәдениетті де сол еліктеуден туған деуге болады. Балалардың басым бөлігі смартфон ұстайды, әлеуметтік желіге тәуелді. Квадробингтің тез таралуы да, балалардың бұл әрекетті қызық көріп қайталауы да соның әсері. Бұл уақытша құбылыс деп ойлаймын. Дегенмен ата-анаға баланы бақылауда ұстағаны немесе мұның оғаш іс екенін түсіндіргені жөн, – дейді С.Әлжіков атындағы №144 орта мектебінің психологы Бақытгүл Сейітханова.

Психолог маман мұндай еліктеушіліктің балаларға тән екенін айтқанымен, бала мұны қалыпты әдетке айналдырмау керек дейді. Расымен, бұл баланың эмоциялық күйінің көрінісі болса ше?

– Квадроберлер барлық баланың қызығушылығын тудырып отырған жоқ. Бірақ жаңа құбылысқа оң көзқарастағылар бар. Квадробер болу арқылы ішкі эмоциясын шығарғысы келсе, мұндай балаға ата-анасының, мамандардың көмегі қажет. Себебі бала айналасына деген өкпесін ішке жинап, ашу-ызасын шығара алмауы мүмкін. Психологиялық қысымда жүрген бала кез келген жаман әдетке үйір келеді. Квадробинг те оған теріс әсерін тигізуі мүмкін. Итше үріп, мысықша мияулап, қасқырша ұлып, соның кейпіне енгеніне өзін сендіруі ғажап емес. Егер жай ғана дыбыс шығарумен шектелмей, агрессиясын іс-әрекетпен қайталаса өте қауіпті, – дейді маман.

Отбасында ата-анамен байланысы жоқ, өзімен өзі өскен немесе айналасынан жиі қысым көретін, зорлық-зомбылыққа ұшырайтын балалардың басқаларға қарағанда психологиялық ерекшелігі болатынын мамандар жиі айтады. Бұл жерде баса мән беретін дүние бала мұндай әрекеттің бұрыстығын біле отыра әдейі жасауы. Жоғарыда психолог маман еліктеудің балаға тән құбылыс екенін айтқан еді. Ақыл-есі әлі толық қалыптаспаған баланың көргенін қайталауы, көпшілікке еруі қалыпты жағдай саналады. Сол сияқты дамуында тежелісі бар баланың да көргенін істеуі бейсаналы жасалған әрекет.

Депутат Дәулет Мұқаев бұл субмәдениеттің артында үлкен күш тұр деген сенімде. Сондықтан ол құзырлы органдардың квадроберлердің әрекетін тексеруі, сонымен бірге оларға қарсы заң керегін алға тартты.

Квадробинг деген аты болмаса жан-жануардың кейпіне ену бұған дейін де болған. Мерекелік кештерде балалар түрлі аң бейнесінде киініп, бетіне маска тағуы қалыпты жағдай еді. Сонымен қатар балаларға сол арқылы аңдардың қалай дыбыстайтынын көрсететін. Бұл жердегі мәселе олардың адамдарға шабуыл жасап, жан-жануарлар жейтін тағамды тұтынуы болып отыр.

Кейде ата-анаға да ақыл керек

Қазір біздің салтымызға жат, дәстүрге сай емес дейтін заман емес. Бүгінгі қоғамда қандай құбылыс болса да оны бастан өткеру, сезіну керек, ол уақытша нәрсе деген түсінік бар. Мамандар балаға қауіпті деп дабыл қағып жатқанда бұл әрекетті ересектер қайталап жүр. Квадробер құбылысының кең тарағаны соншалық, қазір көпшілік жиын-тойларда ойын ретінде ойнатылуда. Иә, жақында инстаграм әлеуметтік желісінде сондай бір көрініске куә болдық. Бұл мұнымен шектелмейді және әлі де талай тойда орын алатыны анық. Оған қоса алда Жаңа жыл мерекесін қарсы аламыз. Ал жаңа жылдық кешті ерекше, қызықты өткізуде жұртшылықтың бұл трендті қайталауы таңқалатын жағдай емес.

Көршілес елдер әрекет етуде

Ғаламтордағы ақпаратқа сенсек, бұл құбылыс ТМД елдері арасында кең таралған екен. Ұрпағының болашағына келер қауіптің алдын алуда өзбек ағайындар ертерек қимылдауда. Өзбекстан ІІМ балалар арасында квадробика деп аталатын субмәдениеттің көрінісі ата-аналардың өз міндеттерін орындамауы ретінде қарастырылатынын ескертіп, әкімшілік жауапкершілік туралы Кодекске сәйкес 1,875 миллион сомға дейін айыппұл салынатынын жеткізді.

Ал Ресейдің ардагерлер ұйымы елдің бас прокуроры Игорь Красновқа балалар мен жасөспірімдер арасында квадробинг деп аталатын әуестіктің таралуын тоқтату туралы өтініш жіберген. Онда квадробингке байланысты тауарларды ірі онлайн сауда дүкендерінде және бөлшек сауда желілерінде сатудың заңдылығын тексеру, балаларды квадробингке тартуды қолдайтын және ынталандыратын ата-аналарға қатысты жауапкершілік шараларын енгізу мүмкіндігін зерттеу, сондай-ақ жаңа құбылыстың зиянды салдары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылған.

Біздің елде де субмәдениетті насихаттаушыларға қатысты заң шығару керегін депутат Дәулет Мұқаев айтты.

– Елдер сол жануарға еліктеп, киімін алады, құйрық жалғап алады, одан кейін, тіпті соның тамағын да жейді екен. Бұл – қоғам дерті. Бұл қауіпті, – деген болатын халық қалаулысы.

Адам баласы тіршілік иелерінің ішіндегі ақыл-есі бар ең құрметті, әрі ең абыройлысы. Сол үшін оны жаман дүниемен салыстыру не болмаса жан-жануарға теңеуге тыйым салынған. Бірақ соған ұқсап баққандарын не деуге болады?

А.ӘЛІМ

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Басы 1-бетте

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ

Жат елдің мәдениеті баланың қалыпты дағдысына айналмас үшін балалар психологы Гүлдана Бабаомарова ата-аналарға мынадай кеңес береді.

Бала ата-ананың қолдауына мұқтаж, оның әрбір әрекетін қолдаңыз.

Квадробинг туралы зерттеңіз. Жаңадан енген тренд болғандықтан ережесі әлі де белгісіз. Өзгеруі мүмкін.

Күнделікті баламен ашық сөйлесу. Қызығушылығы, бастамашыл қасиеттері туралы сөз қозғаңыз.

Телефонда отыру уақытын шектеу. Бос уақытында үйірмеге барып, қосымша жұмыспен айналысуын қадағалау. Күн тәртібін енгізіңіз.

Мүмкіндігінше балаға жиі көңіл бөліңіз. Онымен ашық сөйлесіп, жақын сырласуға тырысыңыз.

Баламен қарым-қатынаста қандай да бір қиындық орын алса арнайы психолог мамандардың кеңесіне жүгініңіз.

Аптаның бір күнін отбасы күні деп белгілеңіз.

Балалық шақтың бал дәмі

Қалада дүниеге келсем де, балалық шағым ауылда өтті. Содан да болар, таза ауасымен, тұнық суымен, көк майса шөбімен ауыл көрінісі есімде қалды. Оған қоса, атам мен әжемнің тұңғыш немересі болдым. Барлық құрметтің, сыйсияпаттың, еркелету сөздерінің бәрі менікі... Әкем – сегіз ағайынды. Әрқайсысының маған деген махаббаты бөлек болды. Әкем мен анамнан жиі еститін әңгімемнің бірі: «Сен дүниеге келгенде атаң ауылдың шабандоздарын жинап, көкпар берді. Сөйтіп, құндақтаулы жатқан сені қолына алып көтеріп, үлкендердің ақ батасын алды. Қап-ай, сол кезде осы күнгі ұялы телефон немесе камера болғанда ғой. Естелікке түсіріп алатын едік», – деп қызықтыра айтады. Иә, расында да бұл мен үшін әдемі естелік...

Шұлғауды шыр айналдырып...

Атам мал бағатын. Жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп жүретін. Ал әжемнің орны тіпті бөлек еді. Ол кісінің берген тәрбиесі, аялы алақаны, еркелеткені ерекше болатын. Үнемі «Жасаған бере салған» дейтін марқұм әжем. Сол баға жетпес асыл сөзі әлі құлағымда.

Ауылдың ажары болған Сайыпжамал әжемді ағайын-туыстың бәрі құрметтейтін. Осы кезде де көзін көргендер «Сайжа өте керемет адам еді» деп айтып жүреді. Расында да қазақылығы, қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, жақсы қасиеттің бәрі сол кісінің бойынан табылатын. Бір сөзбен айтқанда, көркем мінезді әжем көпшілікті өзіне осылай баурап алатын.

Ал ешкімге арамдығы жоқ, аңқылдаған Итемір атам мал бағатындықтан көбіне сыртта жүретін. Атам мен әжем қайда барса, мен сонда жүремін. Есімді білгеннен әжемнің сары самаурыны қайнап тұратын. Ол самаурын маусымға қарамайды, қайнай береді, қайнай береді... Әжем де жарықтық, шайды өте жақсы көретін. Сол кезде үйге жолаушылап көп адам келетін. Бірі қонақ болып келсе, енді бірі жоғалған малын іздеп, әжемнің қолынан шай ішпей кетпейтін. Үйге сырттан адам келсе, әжем балаша қуанып, алдына барын қойып, дастарханын жайып, күтуші еді.

Әжемнің басынан орамалы түспейтін. Тіпті түнде ұйықтаған кезде де орамалмен жататын сәті әлі есімде. Сол әсер етті ме, мен де бала кезден басыма орамал тартқанды жақсы көрдім. Бір күні мынадай қызық болды. Орамал таппай қалдым. Сөйтсем, үйдегілер бар орамалды жинап, қол жетпейтін жерге қойыпты. Бойым кішкентай, жоғарыға жетпейді. Ал өзім қырсықтаумын, қалай болғанда да, басқа бірнәрсе тарту керек болды. Содан бар тапқаным – майлық болды. Әйтеуір, басыма бір матаны ілу керек. Соны тарта салдым. Сөйтіп жүргенде үйдегілер майлықты да тығып тастайтынды шығарды.

Орамал тартқым келетінін үйдегілерге дұрыс жеткізе алмаймын. Тілім анық емес. Тек былдырлаймын, бірақ оған ешкім мән бермейді. Білмеймін, кеш сөйледім бе, әйтеуір, еркелік басым болатын. Содан орамал да, майлық та жоқ. Әйткенмен амалын табатынмын. Тапқанда да қалай десеңізші?

Ол кезде жайлауда едік. Күндіз үйге малшылар жиі келетін. Әжемнің дастарханы үнемі жаюлы, шайы дайын. Ал мен жүрмін, орамал таппай... Содан көзім есік алдындағы малшылардың шаң басқан керзі етігіне түсті. Ішінде шұлғауы бар екен. Қуанып кетіп, шұлғауды басыма орап алдым. Бір кезде малшылар үйден шығып, шұлғауын іздеп әлек. Содан әжем маған ұрысып-ұрысып, басымнан жұлып алды. Сол оқиғадан кейін менен орамалын тықпайтын болды.

Бұзық бұзау

Бірде ауылға жиен апам келді. Сиыр сауатын уақыт. Әжем жиен апам екеумізге:

– Ана бұзауды ұстап тұрыңдар, анасына қарай жіберіп қоймаңдар, – деді.

Мен бұзаудың жібін апама ұстатып қойдым да, әңгімені жібергенмін ғой. Не айтқаным есімде жоқ. Әйтеуір, балпылдап сөйлей беретінмін. Апам маған еріксіз қарап тұрған кезде бұзау қолынан шықты да, қашты дерсіз.

– Неғып тұрсың? Бар, қу. Әйтпесе, үйдегілер өлтіреді, – деп қоямын өзімше тапсырма беріп. Жиен апам бұзаудың соңынан жүгіре жөнелді.

Бір кезде бұзаудың ұзын жібін ұстады. Мен тұрмын, төбеге шығып, «енді жіберме, жіберме» деп қоямын. Бұзау да бой берер емес. Әбден ығыры шыққан апам жерге отыра қалды. Бірақ бұзау тоқтасын ба, апамды одан әрі сүйрей жөнелді. Құмды жер ғой, қанша дегенмен. Әйтеуір, түбінде апам жеңді-ау... Бұзауды әкелді де, мықтылап байлады. Жәймен жанына бардым да:

– Не ғой, менің бағана әңгіме айтқанымды үйге айтпа, – деп оқытып қоямын.

– Неменеге? – деген қоңыр даусы баж ете қалды. Әбден шаршаған. Өзі көп сөйлей бермейтін.

– Айтсаң, саған ұрысады. Мен кішкентаймын ғой, – деп ақталдым. Әйтпесе таяқтың бір ұшы маған тиетінін де біліп тұрмын ғой.

Ғұлы-ғұлы...

Әжем дүние салған соң мен қалаға қайттым. Ата-анам қалада тұрса да, қала сыртында бақша егетін.

– Ғұлы-ғұлы деген жәндік бар. Інін ағашпен шұқысаң, ақырындап шығады. Сосын оны алып, табанына жақсаң, қатты жүгіретін боласың, – деп әкем бір інді көрсетпесі бар ма... Әкемнің айтқанын естіп алып, соны жасауға құмартып тұртатын бала емеспіз бе? Әрине, маған ол қызық көрінді. Оның үстіне інінен шығарар кезде айтатын сөзі де бар екен. «Ғұлы-ғұлық әкең өлді, шешең өлді, шық...» деп әрмен қарай жалғаса береді. Оны енді сол кезде ойнағандар біледі.

Содан түсінгенім, ғұлы-ғұлы құмды жерлерде жатады. Ұясында шұңқырлай жасап, өткен-кеткен майда жәндіктерді аңдиды. Сол «окопта» жатқан жәндіктің өзін ұстап алып, табанға жағу ойымнан шықпай қойды. Әкем де бұл ойыма қарсы болмады. Не керек, әкем айтқандай, әлгі жәндіктің інін де, өзін де тауып, шығарып алып, жерге отырып, табанға ысқылап жаға бердім. Сөйтіп әкеме айттым, «мотоциклмен кете беріңдер. Мен соңдарыңнан жүгіріп көрейін» дедім. Сондағы ойым, желаяқ болып, олардан озып кету еді. Әкем де келісе кетті. Мотоциклмен жарыса жүгірдім. Бір кезде әкем қалып қойды. Мен жол жиегінде зымырап, ешкімге қарамастан жүгіріп келемін. Іштей озғаныма мәзбін.

Бір кезде әкем ақырын келіп, қасыма тоқтап, мотоцикліне мінгізіп алды. Әжептеуір шаршағаным рас, енді. Қалаға жеткенше өз-өзіме ризамын. Расында да ғұлы-ғұлыны жағып, қатты жүгіруге болады екен деп ойлап қоямын. Сөйтсем, әкем мені озсын деп тасбақа аяңға салған екен. Аңқаулық-ай десеңші...

Құрт ұрлаған қыз

Бала кезде тым ерке, одан қалды тентектеу болдым. Үндемей тындыратынмын. Сосын дым болмағандай көзім бақырайып отыра беремін. Сұлутөбеден кейінгі жаныма жақын ауыл Абай елді мекені болды. Себебі Темірхан және Мәлике есімді нағашы атам мен әжем сол жақта тұрды. Ол кісілерді мен көке, апа деп атайтынмын, оларды да өте жақсы көрдім.

Бәрінен бұрын маған нағашы апамның құрт жайғаны ұнайтын. Сол кезде жанында жүретінмін. Өзі тазайым әрі тамаша кісі еді. Құрты да дәмді.

Жаздың кезі. Үйдегілердің бәрі демалуға кетті-ау дегеннен мен жорыққа шығамын. Мен үшін жайылған құртты ұрлап жеу – бір ғанибет! Пысықтығым ба, қулығым ба, білмеймін, әйтеуір, қалғанын басқа жерге жасырамын. Сондағы ойым, қалаға әкету ғой. Соны сұрасам да, береді. Бірақ маған ұрлап жеген қызық еді.

Бір күні апам өзінен-өзі сөйлеп жүр...

– Осы сауысқаннан-ақ бәлеге қалдым-ау... Жайған құртыңды қоймайды, тегі, – деп бұлқан-талқан...

Мен көлеңкеде отырмын, үнсіз...

Малдың келер уақытын күтіп жүрген нағашы атам:

– Әй, кемпір, қойшы. Ертең тағы жаярсың. Қоймаған несі, – дейді.

«Сауысқанға не болған?» деп ренжіп қояды. Сол құрт ұрлаған сәтімді апам ақыры білмей кетті. Осы күні Абайдағы қарашаңыраққа барсам, осы оқиғалар есіме түседі.

P.S. Бүгінде сол балалық шағымның куәсі болған ата-әжелерім өмірден өтті. Бірақ сол қымбат қазыналарымның арқасында менің де балдай тәтті қайта оралмас балалық кезім әлі күнге дейін жадымда. Бұл оқиғалар мендегі керемет шақтың жартысы ғана. Ал сіздің балалық шағыңыз қалай өтті?

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ,
Суретке түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 **Тапсырыс №1732**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА